

Өндірістегі жазатайым оқиғадан сақтандырудың шетелдік тәжірибесі

¹**АНДАБАЕВА Гульмира Кенжегалиевна**, э.ф.к., профессор м.а., agulmira_76@mail.ru,

²**ЕРНИЯЗОВА Жанат Нурахметовна**, э.ф.к., аға оқытушы, zhan_san@mail.ru,

³**УТАЛИЕВА Райхан Сагитжановна**, п.ф.к., кафедра меңгерушісі, utalieva68@mail.ru,

^{3*}**САБИРОВА Рысты Куандиковна**, э.ф.к., кафедра меңгерушісі, sabirovarysty@mail.ru,

³**МУГАУИНА Райхан Улжагалиевна**, PhD, аға оқытушы, raihan-1974@mail.ru,

¹«Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КеАҚ, әл-Фараби даңғылы, 71, Алматы, Қазақстан,

²«Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» КеАҚ, Әйтеке би көшесі, 29а, Қызылорда, Қазақстан,

³«Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ, Студенттер даңғылы, 1, Атырау, Қазақстан,

*автор-корреспондент.

Аңдатпа. Қазақстанда өндірісте жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру жүйесін дамыту шеңберінде осы саладағы заңнаманы жетілдіру бойынша жұмыс жүргізу жоспарлануда. Сондықтан өндірісте жазатайым оқиғалардың алдын алу шараларын әртүрлі елдер бойынша қарастыру маңызды. Бұл мақаланың басты мақсаты – өндірістегі жазатайым оқиғалардан сақтандырудың шетелдік тәжірибесін саралай келе, қазақстандық жағдайда алдын алу шаралары бойынша ұсыныстар беру. Зерттеудің әдісі болып ғылыми танымдық әдіс таңдалды. Зерттеу бойынша көптеген елдерде өндірістегі жазатайым оқиғалар мен кәсіби аурулардан сақтандыру бағдарламасы бұрыннан қалыптасқан әлеуметтік қамсыздандырудың кеңінен тараған түрі екендігі анықталды. Бұндай бағдарламалар медициналық қамтамасыз ету, өндірісте жазатайым оқиғаларға ұшырап, жарақаттанған немесе кәсіби ауруға ұшыраған жұмыскерлерге жәрдемақы төлеу немесе кәсіби оңалту, сонымен қатар, өндірісте жазатайым оқиғаларға ұшырап, қаза тапқан жұмыскерлердің отбасы мүшелеріне асыраушысынан айырылған бойынша жәрдемақы төленеді. Шетелдік тәжірибеге шолу жасау арқылы өндірістегі жазатайым оқиғалар мен кәсіби аурулардан сақтандыруда алдын алу шаралары бойынша ұсыныстар берілді.

Кілт сөздер: сақтандыру, жазатайым оқиғалар, өндіріс, алдын алу шаралары, шетелдік тәжірибе, Қазақстан, өндірістік жазатайым оқиға, кәсіби ауру, мемлекеттік әлеуметтік қамсыздандыру, сыйақы жүйесі.

Кіріспе

Қазақстанда өндірісте жазатайым оқиғаларды қысқарту еңбекті қорғауды басқару жүйесінің маңызды міндеті болып табылады, сондықтан кәсіби тәуекелдерді бағалау және басқару мәселелерінің өзектілігі айтарлықтай артып келеді, бұл бағыттағы басымдық еңбекті қорғауды басқарудың тәуекелге бағдарланған моделін енгізу және дамыту болып табылады. Қойылған міндетті тиімді шешу өндірістегі қызметкерлердің өмірі мен денсаулығын сақтаудың алдын алу тәсілдерін іске асыруға мүмкіндік беретін қолданыстағы жүйені жетілдіру жолымен жүзеге асырылады. Ол үшін шет елдердің еңбекті қорғау саласындағы озық тәжірибесін зерделеу қажеттілігі туындайды.

Халықаралық стандарттарға сәйкес өндірісте жазатайым оқиғалардан сақтандыру жүйесі еңбекті қорғауды басқару жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылады. Сонымен қатар, сақтандыру – еңбек жағдайларын жақсарту, кәсіби тәуекелдерді басқару мен елдің еңбек ресурстарын сақтау жөнінен барынша тиімді реттемелі тетік.

Қазақстанда 2005 жылдан бері «Қызметкерлерді еңбек (қызметтік) міндеттерін атқару кезінде оларды жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы» ҚР Заңы жүзеге асырылуда және жұмыскерлерді өндірістегі жазатайым оқиғалардан сақтандыру міндеттелінген [1].

Қазақстанда өндірістік жазатайым оқиғалардан сақтандырудың қолданыстағы тетігі,

біріншіден, халықаралық стандарттар тұрғысынан толық жұмыс жасамайды (алдын алу қызметі жоқ, ал өтемдік және оңалтуды қоса алғанда, оның осындай атқаратын үш қызметі бар), екіншіден, қазіргі институционалдық инфрақұрылым әлеуметтік маңызы жағынан тиімді емес (өндірістік жарақаттануды азайту, әлеуметтік сақтандыруды ұлғайту), өйткені ол тек коммерциялық қызметке бағытталған. Қазақстанда ХЕҰ-ның халықаралық актілерін іске асыруға қарамастан, алдын алу тетіктері нашар пайдаланылады [2].

Индияда өндірістік жазатайым оқиғалардың алдын алу шаралары пайдалы қазбаларды өндіру бойынша сыни тұрғыдан талдау жасалады. Айталық, кен өндіретін шахталарда жарылыстың алдын алу шаралары, шахталарды/қабаттарды жарылыс қаупі бар аймақ бойынша жіктеу, дефлаграция индексі сияқты шаралар, автоматты өрт дабылы құрылғыларын орнату, отқа төзімді материалдар, ингибиторлар, өрт сөндіргіштер, шаң басқыштар және белсенді жарылысқа қарсы тосқауыл сияқты жарылыстың алдын алу шаралары жарылысты болдырмау үшін егжей-тегжейлі талқыланады, яғни нөлдік апат саясатын ұстанады [3].

Нақты елдердегі құрылыс саласындағы жазатайым оқиғаларда адам өлімінің болу тәуекелдерінің ұқсастығы мен айырмашылықтарын түсіну үшін АҚШ, Оңтүстік Корея мен Қытайдағы өлімге әкелетін өндірістік жарақаттану туралы зерттеген ғалымдар еңбектерінде 2011-2015 жылдардағы мәліметтерге статистикалық талдау жасаған. Нәтижелер көрсеткендей, барлық үш елде құрылыс индустриясында іс-қимыл еркіндігі үнемі жоғары, ал жазатайым оқиғалардың ең көп тараған түрлері «жоғары деңгейден құлау» және «соққы алу» болды. Қытайда құрылыстағы ең жоғары орташа өлімге әкелетін өндірістік жарақаттану саны 2328, одан кейін АҚШ – 881 және Оңтүстік Корея – 533 тіркелген. Алайда, Оңтүстік Кореяда өлім-жітім деңгейі ең жоғары болды – 17,9, одан кейін АҚШ – 9,4 және Қытай – 5,3 [4].

Зерттеу әдістері

Өндірістік жазатайым оқиғалардан сақтандырудың алдын алу қызметін жетілдіруді қарастыру үшін шетелдік тәжірибе қарастырылды, соның ішінде, Еуро Одақ елдерінің тәжірибесі. Ол үшін халықаралық журналдарда жарияланған ғылыми мақалалар мен зерттеу жұмыстарына талдау жасадық.

Бұл мақала үш бағыт бойынша құрылымдалған: бірінші бөлімде Қазақстан Республикасындағы қазіргі жағдай зерттеліп, негізгі кемшіліктер анықталды, екінші бөлімде өндірістегі жазатайым жағдайлардың алдын алу бойынша шетелдік тәжірибеде қарастыру, ал үшінші бөлімде еңбек қауіпсіздігі және ең-

бекті қорғау саласындағы жазатайым оқиғалардан сақтандырудың алдын алу қызметін жетілдіру бойынша ұсыныстар берілді. Бұл зерттеудің ғылыми жаңалығы Қазақстанда шетелдік тәжірибені ескере отырып, өндірістегі жазатайым жағдайларды сақтандырудың алдын алу шараларын ұсыну болып табылады.

Зерттеудің ақпараттық базасы әл-ауқаты тұрақты негізде өлшеу тәсілдерін әзірлеген халықаралық ұйымдар мен зерттеу топтарының бастамасымен жүргізілген әртүрлі ұлттық билік органдарының есептерінен, еларалық салыстырмалы зерттеулерден алынған деректерден құрастырылды. Жұмыста салыстырмалы талдау арқылы зерттеудің жалпы ғылыми әдістері қолданылды.

Зерттеу нәтижелері

Қазақстанда бүгінде жұмыскерлерді өндірістегі жазатайым оқиғалардан сақтандыру трансформациясы жүруде. Оның басты идеясы жұмыс берушінің жауапкершілігінен әлеуметтік сақтандыруға өту. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі ұсынған өндірістегі жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру жүйесін жұмыс берушінің жауапкершілігінен әлеуметтік сақтандыруға трансформациялау нұсқаларын суреттен көруге болады:

- бірыңғай сақтандыру операторына көшу моделі, оның сақтандыру бағдарламаларын әлеуметтік тәуекелдің тағы бір түрімен-кәсіптік еңбекке қабілеттілігін жоғалтумен толықтырады;

- бірыңғай жинақтаушы сақтандыру операторына көшу моделі, кәсіпорындарды тарту үшін сақтандыру агенттерінің желісін құру;

- алдын алу бағдарламаларын күшейте отырып және есепке алуды орталықтандыра отырып, сақтандырудың салалық қағидатына көшу.

Өндірістегі жазатайым оқиғалар мен кәсіби аурулардан сақтандыру бағдарламалары әр елде әртүрлі ұйымдастырылған. Өндірістегі жазатайым оқиғалардан және кәсіптік аурулардан сақтандыру бойынша ЕО елдерінің тәжірибесін қарастырайық.

Мемлекеттік бюджеттен басқаруда тәуелсіз, бірақ соған қарамастан заң талаптарына негізделген әлеуметтік серіктестер басқаратын тәуелсіз сақтандыру жүйелерін атап көрсетуге болады. Мемлекеттік әлеуметтік қамсыздандыру жүйесінің бөлігі болып табылатын және мемлекеттік органдардың бақылауындағы салықтық немесе сақтандыру сыйлықақыларына негізделген жүйелер, сондай-ақ, жұмыс беруші өндірістегі жазатайым оқиғалардан және кәсіптік аурулардан сақтандыру (жұмыс берушілердің жауапкершілігін сақтандыру) қызметтерін ұсынатын

жеке сақтандыру компанияларына жүгінуге міндетті жүйелер бар.

ЕО елдеріндегі сақтандыру жүйелерінде қолданылатын жазатайым оқиғалардың алдын алудың ең көп тараған ынталандыру түрі-бұл кәсіпорындағы жазатайым оқиғалардың саны мен деңгейіне немесе өткен шағымдардың санына негізделген сыйлықақыларды саралау жүйесі. Сақтандыру сыйлықақыларының мұндай өзгерісі кәсіпорын тиесілі экономика секторының көрсеткіштеріне немесе жеке компанияның көрсеткіштеріне бағытталуы мүмкін.

Өтемақының жалпы сомасы Норвегияда 45,7 млрд кронын құрады, 2021 жылы оның өндірістік жарақаттану бойынша өтемақысы 1812 млн норвегиялық кронды құрады. Өндірістегі жазатайым оқиғалар мен кәсіптік ауруларға байланысты тәуекелдерді біріктіре отырып, Норвегияның сақтандыру жүйесі жекелеген кәсіпорындарға мұндай жүйе болмаған жағдайда кездесетін тәуекелдерді азайтуға көмектеседі. Норвегияда қызмет-

керлер мен кейбір басқа топтар, мысалы, әскери қызметкерлер мен студенттер Ұлттық сақтандыру жүйесі шеңберінде өндірістік жарақаттардан міндетті түрде сақтандырылған, ал өзін-өзі жұмыспен қамтығандар мен фрилансерлер ерікті сақтандыруды ала алады [5].

Норвегияның сақтандыру саласындағы тәжірибесі, атап айтқанда, өндірістік жарақаттанудан және кәсіптік аурулардан сақтандыру жүйесі жетілдірілген, өйткені бұл елде өндірістік жарақат алған жағдайда өтемақыларға ғана емес, сонымен қатар, оңалту мен қалпына келтіруге де көп көңіл бөлінеді.

Норвегияның сақтандыру жүйесінде әлеуметтік қамсыздандырудың жалпы схемасынан алынған жәрдемақылар, егер олар расталса, мүгедектік пен еңбек жарақаттары үшін арнайы өтемақы төлемдерімен толықтырылады.

Норвегияда өндірістік жарақаттанудан сақтандыру медициналық көмекті, кәсіптік оңалтуды және өндірісте жарақат алған не-



Қазақстандағы ЖОМС жүйесін жұмыс берушінің жауапкершілігінен әлеуметтік сақтандыруға трансформациялау модельдері

1-кесте – 2017-2023 жылдардағы Норвегиядағы жарақаттану түрлері бойынша өтемақы мен талаптар

Жарақат түрлері	Өтемақылар, млн норвегиялық крон/талаптар, млн норвегиялық крон								
	2013ж.	2014ж.	2015ж.	2016ж.	2017ж.	2018ж.	2019ж.	2020ж.	2021ж.
Өндірістік жарақат, барлығы	2573	2435	2427	1967	1881	1876	2097	1777	1812
Жазатайым оқиғалар	1807	1752	1764	1431	1385	1427	1505	1313	1309
Кәсіби аурулар	767	683	664	536	497	449	592	464	503

[5] әдебиет көзі негізінде құрастырылған

месе кәсіптік аурумен ауыратын жұмысшыларға берілетін жәрдемақыларды, сондай-ақ, өндірістегі жазатайым оқиғалардан қаза тапқан құрбандардың отбасы мүшелеріне төленетін асыраушысынан айырылу бойынша жәрдемақыларды қамтуы мүмкін.

Өндірістегі жазатайым оқиғалар мен кәсіптік аурулардан сақтандыру Финляндияның мемлекеттік әлеуметтік қамсыздандыру жүйесінің бөлігі болып табылады. Заңдылық сақтандыру, өтемақы жағдайлары және өтемақы өндірістегі жазатайым оқиғалар мен кәсіптік аурулар туралы заңда қарастырылғанын білдіреді. Заң сонымен қатар, әртүрлі тараптардың міндеттері мен құқықтарын белгілейді және сақтандыру мен өтемақы процесін мерзімдерді белгілеу арқылы реттейді. Мемлекеттік әлеуметтік қамсыздандыруға, мысалы, ауруды, жұмыссыздықты және кәсіби зейнетақыны сақтандыру кіреді.

Жұмыс беруші өз қызметкерлерін өндірістегі жазатайым оқиғалардан және кәсіптік аурулардан сақтандыруды қамтамасыз етеді, сондай-ақ, сақтандыруды рәсімдейді. Сақтандыру Финляндияда осындай сақтандыруды беруге заңды құқығы бар сақтандыру компаниясында рәсімделуі тиіс. Өмірді сақтандырудан басқа, бұл сақтандыру компаниялары жазатайым оқиғалардан сақтандыру орталығының мүшелері болып табылады. Жұмыс беруші компанияға сақтандыру туралы өтініш берген кезде, ол сақтандыруды рәсімдеуі керек.

Мемлекет өз қызметкерлері үшін жеке сақтандыруды рәсімдеуге міндетті емес. Мемлекеттік қазынашылық өндірістегі жазатайым оқиғалар мен кәсіптік аурулар үшін мемлекетке еңбек немесе қызметтік қатынастардағы адамдарға мемлекеттік қаражаттан өтемақы төлейді.

Өндірістегі жазатайым оқиғалардан және кәсіптік аурулардан сақтандыру жалпы сақтандыру болып табылады. Кез келген уақытта жұмыс беруші жалдаған қызметкерлерін сақтандырған. Жәбірленушіні сақтандыруға қосу туралы шешім онымен болған жазатайым оқиғаны қарау кезінде қабылданады. Өз қызметкерлерін міндетті сақтандыруды рәсімдеген жұмыс беруші, егер қаласа, оған ерікті демалысты сақтандыруды қоса алады.

Әрбір сақтандыру компаниясының төлем критерийлері бар, оған сәйкес компания өзінің сақтандыру сыйлықақысын анықтайды. Заң тек компания ұстануға тиісті принциптерді белгілейді. Сыйақылар, мысалы, сақтандыру төлемдерінің қауіпсіздігін және өндірістегі жазатайым оқиғалар мен кәсіптік аурулардың қаупін ескеруі керек. Сақтандыру сыйақыларының базасы мемлекеттік емес.

Егер сақтандыруға міндетті жұмыс бе-

руші өз жұмыскерлері үшін сақтандыруды рәсімдемеген болса немесе сақтандыру, мысалы, Финляндияда кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиясы жоқ шетелдік сақтандыру компаниясында рәсімделген болса, жұмыс беруші сақтандыру бойынша міндеттемені орындамағаны үшін кінәлі.

Кейбір ЕО елдері бойынша жазатайым жағдайлар мен кәсіби аурудан сақтандыру жүйесінің кейбір элементтері 2-кестеде салыстырмалы түрде қарастырылған. Германияда өндірістегі жазатайым оқиғалардың алдын алу жазатайым оқиғалардан сақтандыру компанияларының маңызды міндеті болып саналады. Жазатайым оқиғалардың алдын алуды белсенді қолдау үшін заңмен белгіленген жазатайым оқиғалардан сақтандыру компаниялары әртүрлі тарифтерді, сондай-ақ, профилактикалық қызметтерді, оқытуды, кеңес беруді, тергеуді, қаржыландыруды және тексеруді қоса алғанда, мүше кәсіпорындарға экономикалық емес ынталандыруды ұсынады. Әртүрлі сектордағы сақтандыру компаниялары экономикалық және экономикалық емес ынталандыруларға (әртүрлі сыйақы мөлшерлемелері, арнайы сыйақылар) қатысты өз саясатына өзіндік көзқараспен қарайды.

Бельгияда қысқарту үрдісі жұмыс берушілердің денсаулық пен қауіпсіздікке салынған инвестицияларына да қатысты. Алайда, бұл инвестициялар Үкіметтің немесе жауапкершілікті сақтандырушылардың алдын алу шараларының нәтижесі болғаны белгісіз. Соңғысына келетін болсақ, Үкімет сақтандыру сыйлықақыларын тәжірибеге көбірек байланысты етуді ұсынғанын атап өткен жөн, бұл қолданыстағы қаржыландыру жүйесін жақсарту қажеттілігін көрсетеді.

Бельгиядағы өндірістегі жазатайым оқиғалар қауіпті болып саналады. Әлеуметтік қамсыздандыру жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылатын және жұмыс берушілер ұжымдық түрде төлейтін кінәсіз сақтандыру жүйесі бар. Жұмыс берушілер өз қызметкерлерінің атынан өндірістегі жазатайым оқиғалар қаупін жабу үшін жеке сақтандыруды (үшінші тарапты) рәсімдеуі керек.

Теориялық тұрғыдан бельгиялық өтемақы схемасы өнеркәсіптік апаттардың алдын алу үшін белгілі бір ынталандыруды қамтамасыз етеді. Атап айтқанда, сақтанушылар өздерінің сақтандырушыларынан, яғни жұмыс берушілерден қосымша қауіпсіздік шараларын талап ете алады және/немесе сыйлықақыны жеке жазатайым оқиға қаупіне қарай бейімдей алады. Өндірістегі жазатайым оқиғалар мен кәсіптік аурулардың алдын алу мақсатында Бельгияда PREVENT арнайы көпсалалы институты да бар. Оның негізгі мақсаттары барлық мүдделі тараптарға қолдау, кеңес

2-кесте – ЕуроОдақ елдері бойынша жазатайым жағдайлар мен кәсіби аурудан сақтандыру жүйесінің кейбір элементтері

Көрсеткіштер	Франция	Германия	Италия	Бельгия
Қаржылан-дыру және сақтандыру аударымдарының мөлшері	Жұмыс берушінің сақтандыру аударымдары 2020-2021 жж. Сақтандыру аударымдарының орташа коэффициенті ЕАҚ-ң 3,6%-н құрады	Сақтандыру тарифтерінің шамасы алдыңғы жылы жұмсалған шығыстарға байланысты. Сақтандыру салалық сипатта болады. 2019-2021 жж. Орташа сақтандыру ставкасы ЕАҚ 1,5%-дан аспауы керек.	Сақтандыру тарифтерінің шамасы салалық сипатта және алдыңғы жылғы жалпы ЕАҚ-на байланысты.	Жұмыс беруші ЕАҚ-ң 0,3 пайызын жазатайым жағдайдан сақтандыру үшін бөледі, 1,1 пайызын кәсіби аурудан сақтандыруға бөледі
Сақтандыру түрлері	10 жұмыскерден аз болғанда жеке, 200 және одан көп болғанда-ұжымдық, 10 адамнан 199 жұмыскерге шейін аралас	Сақтандыру кассалар жүйесі-жеке сақтандыру компаниялары, кәсіби кассалар өнеркәсіп, сауда, қызмет көрсету салаларына жүреді.	Сақтандыру салалық сипатта болады	Сақтандыру жарналары тәуекелдің әрбір түріне байланысты
Сақтандырушының ведомстволық тиесілігі	Аймақтық денсаулық сақтау сақтандыру қоры (CRAM)	Жазатайым оқиғадан және кәсіби аурудан сақтандыру міндетті сақтандырудың бес түрінің бірі болып есептеледі, оны Германия еңбек және әлеуметтік істер министрлігі қарайды	Ұлттық сақтандыру институты (INAIL)	Әлеуметтік сақтандырудың ұлттық қызметі (ONSS). Кәсіби аурудан сақтандыру. Кәсіби аурудан Қоры (F.M.P)
Тарифтік ставканы төмендету	CRAM кәсіби ауру мен өндірістік жазатайым оқиғаның алдын алу шараларын енгізу арқылы сақтандыру тарифтерін төмендету жөнінен жеңілдіктер береді	Мемлекеттік конкурс қорытындысы бойынша сыйақы	Сақтандыру тарифтерін ПР төмендеуіне қарай есептеу	ЖКА төмен деңгейінде шағын кәсіпорындарда сақтандыру сыйақысы 15 пайызға төмендейді
Тарифтік ставканы жоғарылату	Санитарлық жағдайлар мен еңбекті қорғауды бұзған жағдайда қосымша жарна тағайындалады, бірақ тағайындалған тарифтен 25 пайыздан жоғары емес	Жазатайым оқиға мен кәсіптік аурулар саны алдыңғы жылы көбейгенде келесі жылы сақтандыру тарифтерінің мөлшері жоғарылайды		ЖКА төмен деңгейінде шағын кәсіпорындарда сақтандыру полисі 30 пайызға жоғарылайды
Ескерту	Сақтандыру тарифтері жыл сайын қайта қаралады	Мемлекеттік сақтандыру кассасы – мемлекеттік қызметшілер, студенттер мен оқушыларды сақтандыру Өндірістегі жазатайым оқиғалар мен кәсіптік аурулар бойынша тек жұмыс беруші қаражаты төленеді	Заң бойынша өндірістегі жазатайым оқиғалар мен кәсіптік аурулар бойынша реформалар жүргізіледі	Жеке меншік кәсіпорындарында жұмыскерлерге сақтандырудың екі схемасы қолданылады
Өтемақы жүйесі	үлкен және кіші компаниялар үшін әртүрлі сыйақы жүйесі	экономикалық және экономикалық емес ынталандырулар қолданылады	еңбекті қорғауға инвестициялар үшін банктік несиелерді субсидиялау қаражаты	кінәсіз сақтандыру жүйесі кінәсіз сақтандыру жүйесі

[6] әдебиет көзі негізінде құрастырылған

беру және ақпарат беру арқылы еңбек жағдайларының сапасын жақсарту және еңбекті ұйымдастыруды жақсарту болып табылады.

Өндірістегі жазатайым оқиғалардан сақтандыру туралы Заңға сәйкес, жұмыс берушілер өз сақтандырушысына жарақатқа әкелген барлық жазатайым оқиғалар туралы хабарлауға міндетті.

Кейбір ЕО-қа мүше мемлекеттердегі (Бельгия, Франция) жазатайым оқиғалардан сақтандыру жүйелері сақтандыру сыйлықақыларын есептеу кезінде компанияның мөлшерін ескереді (2-кесте).

Францияда үлкен және кіші компаниялар үшін әртүрлі сыйақы жүйесі бар. Францияда ірі компаниялар жағдайында (қызметкерлер саны 200-ден асатын) сыйлықақы мөлшерлемесі әр компания үшін жеке есептеледі. Шағын компаниялар үшін драйверлер әлдеқайда әлсіз, өйткені сыйақы мөлшерлемесі бүкіл экономикалық саланың нәтижелеріне негізделген.

Кейбір елдер профилактикалық қызметке байланысты сақтандыру мөлшерлемесін есептеудің икемділігі мен өзгергіштік мүмкіндігін енгізді.

Әдетте, жазатайым оқиғалардан сақтандыру жүйелерін басқаратын ұйымдар техникалық қадағалау, оқыту, денсаулық сақтау және қауіпсіздік және кеңес беру қызметтерін қоса алғанда, алдын алу шараларын жүргізеді. Кейбір мүше мемлекеттерде сақтандыру ұйымдары жиналған сыйақылардан түсетін бюджет шеңберінде қауіпсіздік қызметі немесе жақсы қауіпсіздік көрсеткіштері үшін берілетін сыйақыларға немесе қайырымдылықтарға, сондай-ақ, еңбекті қорғауға инвестициялар үшін банктік несиелерді субсидиялау қаражатына ие болады (мысалы, Италия).

Мұндай іс-шаралар жазатайым оқиғалардан сақтандыру жөніндегі мемлекеттік және жеке ұйымдар жағдайында жүргізіледі. Кейбір елдерде профилактикалық іс-шараларды өткізу құқықтық нормалармен қарастырылған (мысалы, Польшада, мұндай іс-шараларға өндірістегі жазатайым оқиғалардан сақтандыру қорының 1%-ы жіберіледі).

Өндірістегі жазатайым оқиғалардан және кәсіптік аурулардан әлеуметтік сақтандырудың негізгі базалық модельдерін қарастырдық.

ЕО елдеріндегі өндірістегі жазатайым оқиғалардың алдын алу мен бақылау моделі бір-бірін толықтыратын және әсер ететін төрт нысанға негізделген:

1. Ұлттық заңнама – ұсынылған құрылым осы ұсыныстың негізінде жатқан барлық ұлттық заңнаманы ескереді. Бұл ұйымға тәуекелдерді бағалаудың жаңа әдістерін жасай алатын зерттеулер мен әзірлемелер

(ҒЗТКЖ) әсер етеді. Бұл өз кезегінде ҒЗТКЖ-ға әсер етіп, шешілуі керек жаңа міндеттерді әзірлейді.

2. Мүдделі тараптар-олар компанияның маңызды бөліктерінің бірі. Олар жаңа ұйымдық стратегияларды дамытуда ұйымдық мәдениеттің ықпалында болып, тікелей әсер етеді. Ұйымдастырушылық мәдениет компанияға сәйкес келетін этика мен нормаларды қамтиды және ұйым ішіндегі акционерлермен және мүдделі тараптармен өзара әрекеттеседі. Кәсіби тәуекелдерді оқытуға және нақты бағалауға негізделген ұйымдастырушылық мәдениет қауіптер мен тәуекелдер себептерін азайтуға ықпал етеді.

3. Жеке мотивация-қызметкерлердің жеке факторы, білім деңгейі бойынша модель қызмет саласы қызметкерлерінің ерекшелігін ескереді. Саладағы білім және дайындық деңгейі бәсекелестік ортаның дамуына ықпал етеді. Бұл субъект алдын алу және бақылау жүйесіне тікелей әсер етеді (қызметкерлердің дайындық деңгейі арқылы жанама түрде). Ескеру қажет маңызды фактор – жеке мотивация, яғни қызметкердің өндірістегі жазатайым оқиғалардың алдын алуға қатысуы. Мотивациялық факторлар ретінде адамның жеке басы, ынтымақтастығы және сәйкестік қабілеті жұмыстағы жеке мотивацияның міндетті параметрлерінің бөлігі болып табылады.

4. Зерттеулер мен әзірлемелер-бұл ұлттық заңнамаға әсер ететін және оның ықпалында болатын, тәуекелдерді басқару мен алдын алудың жаңа әдістерін жасайтын субъект [7].

Қорытынды

Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген алдын алу шараларына арналған шығыстардың болмауына қарамастан, іс жүзінде жұмыскерлер жұмыс істейтін кәсіпорындар (зиянды еңбек жағдайларын қоса алғанда) жазатайым оқиғалардан сақтандырудан басқа, алдын алу шараларына ақшалай қаражат салады, бұл қызметкер үшін оның еңбек қызметі процесінде жағымсыз салдарларды болдырмауға мүмкіндік береді.

Экономика салалары бойынша жұмыс берушілердің сақтандыру сыйақылары үшін сараланған тарифтердің артықшылықтары мен кемшіліктері туралы келісілген бірыңғай пікір жоқ. Кейбір мамандар бұл мәселені әділеттілік тұрғысынан қарастырады, өйткені өндірістегі жазатайым оқиғалардан және кәсіптік аурулардан сақтандыру қорының ең жоғары шығындары бар салалардағы жұмыс берушілер сәйкесінше жоғары сыйақылар есебінен үлкен инвестиция салуы керек. Жоғарыда айтылғандай, тәуекел дәрежесі өзгеруі мүмкін. Егер өндірістегі жазатайым

оқиғалар мен саладағы кәсіптік аурулардың салдары санының немесе ауқымының айтарлықтай төмендеуі жаңа жұмыс әдістерімен немесе жаңа технологияларды енгізумен байланысты болса, тәуекел санаттары түзетіліп, жарна мөлшері өзгертілуі мүмкін. Басқалары жазатайым оқиғалардың саны мен ауқымын азайтуды қаржылық ынталандыру (мысалы, тарифтердің төмендеуі немесе салықтық жеңілдіктер сияқты сыйақылардың ұлғаюы) жұмыс берушілердің өндірістік ортаны жақсартуға инвестиция салудың орнына оқиға фактісін жасыруға тырысады.

Жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру қаржыландыратын негізгі алдын алу шараларының шетелдік тәжірибесін қарастыра келе, мына шаралар ұсынылады:

- Тәуекелдерді бағалау: жұмыс берушілер жұмыс орнындағы қызметіне байланысты тәуекелдерді бағалауға және ықтимал қауіптерді анықтауға міндетті. Бағалау негізінде жұмыс берушілер жеке қорғаныс құралдарын (ЖҚҚ) беру, қауіпсіздік құралдарын орнату және жұмыс процестерін өзгерту сияқты жазатайым оқиғалардың алдын алу шараларын қабылдауы керек.

- Қауіпсіздік бойынша тренинг: жұмыс берушілер өз қызметкерлеріне олардың жұмысына байланысты қауіптер туралы хабардар болуын және жазатайым оқиғалардың алдын алуды білу үшін қауіпсіздік бойынша тренингтер өткізуге міндетті.

- Жұмыс орындарын тексеру: еңбекті қорғау инспекциясы еңбекті қорғау ережелері мен стандарттарының сақталуын қамтамасыз ету үшін жұмыс орындарын үнемі

тексеріп отырады. Бұл жазатайым оқиғаларға әкелуі мүмкін қауіптер мен тәуекелдерді анықтауға көмектеседі және жұмыс берушілерге түзету шараларын қабылдауға мүмкіндік береді.

- Медициналық тексерулер: жұмыс берушілер өз қызметкерлеріне кәсіптік ауруларды анықтау және алдын алу үшін тұрақты медициналық тексерулер жүргізуге міндетті. Бұл денсаулыққа ықтимал қауіптерді анықтауға және денсаулыққа байланысты жазатайым оқиғалардың алдын алуға көмектеседі.

- Жазатайым оқиғалар туралы есеп беру және тергеу: жұмыс берушілер жұмыс орнында болған барлық жазатайым оқиғалар туралы есеп беруге және жазатайым оқиғаның себептерін тексеруге міндетті. Бұл апаттардың негізгі себептерін анықтауға және болашақта осындай апаттардың алдын алу шараларын қабылдауға көмектеседі.

- Қамту: Жұмыс берушілер өз қызметкерлеріне өндірістегі жазатайым оқиғаларға байланысты шығындарды жабуға көмектесетін міндетті жазатайым оқиғалардан сақтандыруды қамтамасыз етуге міндетті. Сақтандыру жүйесі жұмыс берушілерге жазатайым оқиғалардың ықтималдығын азайту бойынша алдын алу шараларын жүзеге асыру үшін қаржылық ынталандыруды ұсынады.

Тұтастай алғанда, бұл алдын алу шаралары жұмыс берушілердің жазатайым оқиғалардың алдын алу және өз қызметкерлері үшін қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау үшін маңызды қадамдар жасауын қамтамасыз етуге көмектеседі.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Бекмагамбетов А.Б., Енсебаева А.Р., Исмагулова А.Т. Актуальные вопросы совершенствования законодательства Республики Казахстан об обязательном социальном страховании от несчастных случаев, связанных с трудовой деятельностью // Вестник института законодательства и правовой информации РК. – 2023. – № 1 (72). – С. 26-32. DOI: 10.52026/2788-5291_2023_72_1_24
2. Закон РК «Об обязательном страховании работника от несчастных случаев при исполнении им трудовых (служебных) обязанностей» от 7 февраля 2005 года № 30. <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z050000030> [Электронды ресурс].
3. Ray S.K., Khan A.M., Mohalik N.K., Mishra D., Mandal S., Pandey J.K. Review of preventive and constructive measures for coal mine explosions: An Indian perspective // International Journal of Mining Science and Technology. – 2022. – Vol. 32. – Issue 3. – Pp. 471-485.
4. Choi S.D., Guo L., Kim J., Xiong Sh. Comparison of fatal occupational injuries in construction industry in the United States, South Korea, and China // International Journal of Industrial Ergonomics. – 2019. – Vol. 71. – Pp. 61-71.
5. Рахимова Г.А., Баяндин М.А., Есенова Г.Ж., Жаншуакова Р.М. Страхование от несчастных случаев на

- производстве и профессиональных заболеваний: опыт Норвегии // Вестник университета «Туран». 2022; (3): 48-59. <https://doi.org/10.46914/1562-2959-2022-1-3-48-59>
6. Безюков А.Г., Христофоров Н.Р. Страхование от несчастных случаев на производстве и профессиональных заболеваний ряда стран Европейского Союза (ЕС) // Безопасность и охрана труда. – 2023. – № 1. – С. 5-9. <https://biota.ru/images/magazine/1-2023/itog-1-23.pdf>
7. Ivascu L., Cioca L. Occupational Accidents Assessment by Field of Activity and Investigation Model for Prevention and Control // Safety. – 2019. – № 5 (1). – 12. <https://doi.org/10.3390/safety5010012>

Зарубежный опыт страхования от несчастных случаев на производстве

¹**АНДАБАЕВА Гульмира Кенжегалиевна**, к.э.н., и.о. профессора, agulmira_76@mail.ru,

²**ЕРНИЯЗОВА Жанат Нурахметовна**, к.э.н., старший преподаватель, zhan_san@mail.ru,

³**УТАЛИЕВА Райхан Сагитжановна**, к.п.н., зав. кафедрой, utalieva68@mail.ru,

^{3*}**САБИРОВА Рысты Куандиковна**, к.э.н., зав. кафедрой, sabirovarysty@mail.ru,

³**МУГАУИНА Райхан Улжагалиевна**, PhD, старший преподаватель, raihan-1974@mail.ru,

¹НАО «Казахский национальный университет имени аль-Фараби», пр. аль-Фараби, 71, Алматы, Казахстан,

²НАО «Кызылординский университет имени Коркыт Ата», ул. Айтеке би, 29а, Кызылорда, Казахстан,

³НАО «Атырауский университет имени Х. Досмухамедова», пр. Студенческий, 1, Атырау, Казахстан,

*автор-корреспондент.

Аннотация. В рамках развития системы обязательного страхования от несчастных случаев на производстве в Казахстане планируется проведение работы по совершенствованию законодательства в этой сфере. Поэтому важно учитывать меры по предотвращению несчастных случаев на производстве по разным странам. Основная цель данной статьи – дать рекомендации по профилактическим мерам в казахстанской ситуации, рассматривая зарубежный опыт страхования от несчастных случаев на производстве. Методом исследования был выбран научно-познавательный. Исследование показало, что во многих странах программа страхования от несчастных случаев на производстве и профессиональных заболеваний является широко распространенной формой социального обеспечения, которая уже существует. Такие программы страхования предусматривают медицинское обеспечение, выплату пособий или профессиональную реабилитацию работникам, пострадавшим от несчастных случаев на производстве, травмированным или профессиональных заболеваний, а также выплату пособий по потере кормильца членам семей работников, попавших в несчастные случаи на производстве и погибших. С обзором зарубежной практики даны рекомендации по профилактическим мерам в страховании от несчастных случаев на производстве и профессиональных заболеваний.

Ключевые слова: страхование, несчастные случаи, производство, превентивные меры, зарубежный опыт, Казахстан, производственный несчастный случай, профессиональное заболевание, государственное социальное обеспечение, система страхования.

Foreign Experience of Industrial Accident Insurance

¹**ANDABAYEVA Gulmira**, Cand. of Econ. Sc., Acting Professor, agulmira_76@mail.ru,

²**YERNIYAZOVA Zhanat**, Cand. of Econ. Sc., Senior Lecturer, zhan_san@mail.ru,

³**UTALIYEVA Raikhan**, Cand. of Ped. Sc., Head of Department, utalieva68@mail.ru,

^{3*}**SABIROVA Rysty**, Cand. of Econ. Sc., Head of Department, sabirovarysty@mail.ru,

³**MUGAUINA Raikhan**, PhD, Senior Lecturer, raihan-1974@mail.ru,

¹NPJSC «Al-Farabi Kazakh National University», Al-Farabi Avenue, 71, Almaty, Kazakhstan,

²NPJSC «Korkyt Ata Kyzylorda University», Aiteke bi Street, 29a, Kyzylorda, Kazakhstan,

³NPLC «H. Dosmukhamedov Atyrau University», Students Avenue, 1, Atyrau, Kazakhstan,
*corresponding author.

Abstract. As part of the development of the system of compulsory insurance against industrial accidents in Kazakhstan, it is planned to work on improving legislation in this area. Therefore, it is important to take into account measures to prevent accidents at work in different countries. The main purpose of this article is to give recommendations on preventive measures in the Kazakh situation, considering the foreign experience of industrial accident insurance. The scientific and cognitive method was chosen as the research method. The study showed that in many countries, the insurance program against industrial accidents and occupational diseases is a widespread form of social security that already exists. Such insurance programs provide for medical support, payment of benefits or professional rehabilitation to workers who have suffered from accidents at work, injured or occupational diseases, as well as the payment of survivor benefits to family members of workers who have been involved in accidents at work and died. With an overview of foreign practice, recommendations are given on preventive measures in insurance against industrial accidents and occupational diseases.

Keywords: insurance, accidents, production, preventive measures, foreign experience, insurance, accidents, production, preventive measures, foreign experience, Kazakhstan, industrial accident, occupational disease, state social security, insurance system.

REFERENCES

1. Bekmagambetov A.B., Ensebaeva A.R., Ismagulova A.T. Aktual'nye voprosy sovershenstvovaniya zakonodatel'stva Respubliki Kazakhstan ob objazatel'nom social'nom strahovanii ot neschastnyh sluchaev, svyazannyh s trudovoj dejatel'nost'ju // Vestnik instituta zakonodatel'stva i pravovoj informacii RK. – 2023. – No. 1 (72). – Pp. 26-32. DOI: 10.52026/2788-5291_2023_72_1_24
2. Zakon RK «Ob objazatel'nom strahovanii rabotnika ot neschastnyh sluchaev pri ispolnenii im trudovyh (sluzhebnyh) objazannostej» ot 7 fevralja 2005 goda № 30. <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z050000030> [Электронды ресурс].
3. Ray S.K., Khan A.M., Mohalik N.K., Mishra D., Mandal S., Pandey J.K. Review of preventive and constructive measures for coal mine explosions: An Indian perspective // International Journal of Mining Science and Technology. – 2022. – Vol. 32. – Issue 3. – Pp. 471-485.
4. Choi S.D., Guo L., Kim J., Xiong Sh. Comparison of fatal occupational injuries in construction industry in the United States, South Korea, and China // International Journal of Industrial Ergonomics. – 2019. – Vol. 71. – Pp. 61-71.
5. Rahimova G.A., Bajandin M.A., Esenova G.Zh., Zhanshuakova R.M. Strahovanie ot neschastnyh sluchaev na proizvodstve i professional'nyh zabolevanij: opyt Norvegii // Vestnik universiteta «Turan». 2022; (3): 48-59. <https://doi.org/10.46914/1562-2959-2022-1-3-48-59>
6. Bezjukov A.G., Hristoforov N.R. Strahovanie ot neschastnyh sluchaev na proizvodstve i professional'nyh zabolevanij rjada stran Evropejskogo Sojuza (ES) // Bezopasnost' i ohrana truda. – 2023. – No. 1. – Pp. 5-9. <https://biota.ru/images/magazine/1-2023/itog-1-23.pdf>
7. Ivascu, L., Cioca, L. Occupational Accidents Assessment by Field of Activity and Investigation Model for Prevention and Control. Safety 2019, 5 (1), 12. <https://doi.org/10.3390/safety5010012>